

Бірлескен шаруашылық – бұл 2 және 3 жеке шаруа қожалықтарының еңбек ресурстарын бірлесе пайдалану арқылы табыс алу мақсатында дайын өнімді өндіруге қажетті негізгі және айнымалы қаражаттары бар шаруашылықтың бірігуі.

Бірлесу көп жағдайда туыскандық негізде және нақты жергілікті аймақтың ерекшеліктері негізінде жүзеге асырылады. Бірлескен шаруа қожалығына жеке шаруа қожалығының барлық қасиеттері тән.

Шаруа қожалығының кооперациясы – бұл бірнеше жеке шаруа қожалығының, яғни ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру, қайта өңдеу, өткізу барысында белгілі бір мөлшерде пайда алу мақсатында біріккен ауыл шаруашылық кәсіпорындарын айтады.

Бұл шаруашылық нысаны акционерлік қоғам деп аталады. Шаруа қожалығының кооперациясы – бұл экономикалық аграрлық сектордағы шаруашылық жүргізудің нысаны. Шаруа қожалығындағы өнімдерді өндіру үрдісі қызметтің кез-келген түрі сияқты негізгі айналым капиталы мен адамдардың еңбек қызметін біріктіру болып табылады [3].

Осыған байланысты шаруа қожалығын құру үшін тек қана жер учаскесінде жұмыс істеу

ынтасына ғана емес, өнім өндіруге қажетті белгілі бір материалдық базаның болуына байланысты.

Шаруа қожалығының мүлкінің, материалдық техникалық қалыптасуы әртүрлі факторларға байланысты. Бүгінгі таңда тәжірибе жүзінде шаруа қожалығының өндірісінің қалыптасуының 3 негізгі түрі қолданылады.

Ірі ұжымдарды жалға алу, ауыл - аймақты жеке мүліктік пайда алуы арқылы қосалқы шаруашылықты кеңейту арқылы; шаруаның қарыздық және жеке қаражатының негізінде жаңа орындар материалдық – техникалық базаны құру.

Қолданылған әдебиеттер:

1. О формах бухгалтерской отчетности. Приказ Министерства финансов РК от 28.02.2007 №4
2. Международные и казахстанские стандарты бухгалтерского учета: Сравнительный анализ, принципы трансформации, направления реформирования/под ред. С.А. Николаевой. - М.: Аналитика-Пресс, 2009.
3. Шнейдман Л.З. Готовим бухгалтерскую отчетность. - М.: Бухгалтерский учет, 2008 г.

ӘӨЖ 687

Орынбасар Каирович Джанахметов¹, Айгуль Калдыбековна Кудабая²

1) КазАТУ им. С.Сейфуллина

2) М. Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті

ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ СТИЛІНДЕГІ ҮЛГІЛЕР ЖИНАҒЫН ЖАСАУ

Қазақ халқының қол өнері көне заман тарихымен бірге дамып, біте қайнасып келе жатқан бай қазына. Қол өнерінің басты бір саласы — киім тігу. Ұлттық киім - көне

мұралардың құндылығын ұлттық сипатта дәріптейтін дәстүрлі қазақ мәдениетінің көрсеткіші. Қазіргі заманауи кезінде ұлттық киім үлгілерінің дизайнын жаңа үлгіде -

материалды мәдениеттің құрамдас бөлшектері ретінде айқындап, этномәдениетінің тұрақтылығын сақтау. Қазақ киім үлгілерінің конструкциясын, бейнелі ұлттық нақышын, рухани-әлеуметтік болмысын, ерекшеліктерін, көркем эстетикалық құндылығын мәдени-өнертанулық тұрғыдан талдап, жүйелендіру қазіргі болашақ ұрпақ тәрбиесінде дәстүрлі тұрғыдан паш ету [1].

Қазақ қол өнерінің көркемдік ерекшелігінің негізі болып киіз басу өнері саналады. Киіз басу ежелден келе жатқан дәстүр, қазір дүниежүзі бойынша дамып келе жатқан өнер. Киіз өндірісі – белгілі бір шеберлікті қажет ететін күрделі үдеріс. Киізден жасалған бұйым өзінің жоғары сапасымен ерекшеленеді және суықтан жақсы қорғайды. Бағасы да қымбат емес. Қазіргі дизайнерлер оны киім үлгілерінің бөліктеріне қолданып қана қоймай, одан жеке костюмдер тігетін болды. Соңғы кездері киізден жасалған сырғалар, алқалар, білезіктер кең тарауда.

Қазақ халықының қолөнерінің сала-саласында кең қолданылып келген, өнердің өте көне, әрі күрделі түрі – ою-өрнек өнері. Қазақтың қолтума сәндік өнерінің барлық түрлерінде де оюлар мен өрнектер алғашқы элемент ретінде қолданылады. Ою мен өрнек қолөнер бұйымдарының тұтынушылық және эстетикалық мәнін аша түседі. Сондықтан да қолөнер заттарының әрқайсысындағы оюлау мен өрнектеуге, әшекейлеуге зер сала білу керек.

Ою-өрнекті жақсы саналы жасау үшін алдымен пайдаланатын материалды дұрыс таңдай білу қажет, оның ою-ырғағы мен мөлшерін, яғни оюдың заттың бетіне түсуі мен орналасуын нақты жобалау қажет. Ою-өрнектің қандай түрі болса да, ол – адам ойының жемісі. Ою-өрнек сәнді, сұлу және үйлесімді болу керек [2].

Ерте заманнан күні бүгінге дейін өзінің қадір-қасиетін жоймай, қол өнерінің озық үлгісі ретінде ғана емес, әрі әсем, әрі ыңғайлылығымен де пайдаланудан қалмай келе жатқан оюланған қазақтың ұлттық киімдері көп сұраныста. Осыған қарай, бұл жұмыстың мақсаты - этнографиялық стиліндегі киізден жасалынған бұйымды (сахналық) дайындау болып табылды.

Қазіргі уақытқа сай ұлттық дәстүрлі ою-өрнектерді шығармашылық бастама ретінде пайдалану барысында сәнгерлер этнографиялық костюм элементтерінің жанаша түрлерін стилизациялау және трансформациялау әдістер негізінде жасайды.

Трансформациялау – бұл өзгеру мағынаны білдіреді, яғни нысанды жасағанда пішінін өзгеруін ескереді, мысалы ұлттық костюмнің негізгі пішінін немесе дәстүрлі бас киімнің пішінін өзгертіп жаңа материалдарды, технологияларды қолдану негізінде киімде қалыптастырып көрсету. Сонымен қатар ұлттық ою-өрнек өнерінің, зергерлік бұйымдар өнерін және т.б., жалпы халық қолданбалы өнер элементтерін трансформациялау арқылы жаңа киім үлгілерінің көркем-композициялық шешімдерін табуға болады.








Осылай, қазақ ұлттық ою-өрнектердің құрастыру негізінде композициялардың жанаша түрлері ізденіп табылады. Ою-өрнектің трансформациялау әдісінде - ою-өрнектің элементі алынып, созу және оны қайталау арқылы өзгертіледі. Кейбір кезде бұл элементтің өлшемін үлкейтіп басқа қосымша элементтерді қосып өзгертеді. Мұндай әдістің қолдануы композицияда ою-өрнекті тұтастықпен және үйлесімділікпен ерекшелінуге мүмкіншілік береді.

Ою-өрнектердің бір, екі түрін ғана емес одан да көп түрлерін біріктіруге болады: үшеуін,

төртеуін және т.б. Ұсынылған әдістерді қолдана отырып ою-өрнектердің төрт түрінің пайдалану нәтижесінде: екі өсімдік - жапырақ, үшжапырақ және зооморфтық - қосмүйіз, қазмойын, күрделі


өсімдік ою-өрнекті композиция пайда болып, бұйым үшін безендіру ретінде қолданылатын болды, 1 кесте.

1 кесте

өсімдік ою-өрнектер		зооморфтық ою-өрнектер	Қосмүйіз	Қазмойын
		трансформациялау үшін элемент		
Жапырақ	Трансформациялау үшін элемент			
				
Үшжапырақ				

Ұсынылатын бұйым үшін ою-өрнектің біріздендірілуі. Ұсынылып отырған бұйымдар жинағы – қазақ ұлттық қолданбалы өнерінің талдау нәтижесінде, заманауи тенденциялары негізінде этнографиялық стилінде жас қыздарға арналған қамзолдар болып табылады. М. Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік

университетіндегі «Жеңіл өнеркәсіп бұйымдарының технологиясы мен конструкциялау және дизайн» кафедрасында осы үлгілер жинағы қазіргі сән бағытына және дәстүрлі қазақ киімінің көркем-конструктивтік ерекшеліктерін қолданып құрастырылды, сурет 2.



Сурет 2. Этнографиялық стилінде (сахналық) камзолдар

Қорыта айтқанда, сәнді көріністеріне, ресми түрде ұйымдастырылған іс шараларға арнап дайындалған бұйымның пайдалану ерекше жағдайларына сәйкестігі, түсті таңдау шешімі, материалдар фактурасы, үлгіні ұсынатын жас қыздардың тұлғасының өлшемдік сипаттамасын ескеріп, бұйымға қойылатын талаптар жүйесіне сүйеніп, яғни эстетикалық көрсеткішіне көңіл бөліп, қазіргі заманға сай етіп камзол жасалынды. Жоғарғыны ескере отырып, ұсынылып отырған жұмыста қарастырылған нысаны мен сұрақтары қоғамдық тұрғыдан ұлттық дәстүрі мен өнерін сақталып дамуына,

жастар арасында ежелгі заманнан қалыптасқан қазақтардың мәдені қазынасын насикаттауға зор әсер етеді, яғни жасалынған жұмысты өзекті және заманауи деп дәлелдеуге болады.

Әдебиеттер

1. Хинаят Б., Сужикова А. «Қазақ халқының ұлттық киімдері». – Алматы: «Алматы кітап» ЖШС, 2007-384 бет.
2. Шоқпарұлы Д., Дөркембайұлы Д. «Қазақтың қолданбалы өнері». – Алматы: «Алматы кітап» ЖШС, 2007-272 бет.

УДК 745.5:658.512.23

Орынбасар Каирович Джанахметов¹, Екатерина Артуровна Никитюк², Уржамал Сагынбековна Келесова³

1) КазАТУ им. С.Сейфуллина

2), 3) Таразский государственный университет имени М.Х. Дулати, г. Тараз

РОЛЬ ПРЕДМЕТОВ ЭТНОГРАФИЧЕСКОГО ДИЗАЙНА В РАЗВИТИИ ТУРИСТИЧЕСКОГО БИЗНЕСА

По географическому положению Казахстан является уникальным регионом СНГ. Находясь в центре Евразийского материка, он

представляет особый природный комплекс, вобравший в себя ярчайшие образцы ландшафта обеих частей континента. Чтобы убедиться в